



Жұмыстарды сатып алу туралы шарт № _____

_____ К.

«__» _____ 2024 ж.

"QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу туралы шарттардың жобаларында өнім берушінің тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың өнім берушілерінің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында (бар болса) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын көрсетуі туралы талаптар қамтылуға тиіс индустриялық-инновациялық қызметті

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Шарттың мәні «Гродеково ауылында жоғары қысымды жерасты полиэтилен газ құбырын салу» жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген құрылыс-монтаждау жұмыстары болып табылады. Жұмыстар Шартқа №2- қосымшаға сәйкес орындалады.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Төлем түрі: аралық төлем - 80%, соңғы төлем-20%.

2.4. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

2.4.2. Салық заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура.

2.4.3. ҚР ҚМ 27.10.2014 ж. №458 бұйрығына сәйкес нысан бойынша, ҚР Қаржы министрінің 20.12.2012 жылғы № 562 бұйрығына № 50 қосымшаға сәйкес орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі. Орындалған жұмыстар актісін Мердігер Тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіште де, электрондық түрде де веб-портал арқылы жібереді.



2.4.4. Нақты орындалған жұмыс көлемі үшін акті (2В нысаны), орындалған жұмыстардың құны туралы анықтамаға (КС -3 нысаны;

2.4.5. Объектіні пайдалануға қабылдау актісін Заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының түпкілікті төлем 20% мөлшерінде).

2.5. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Тапсырыс берушімен соңғы төлем тиісті Актілерге қол қойылғаннан кейін (Объектіні қолданысқа қабылдау Актісі, орындалған





жұмыстар Актісі) жүзеге асырылады.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2 қосымшасында айқындалады.

3.2. Тапсырыс беруші жұмыстарды Шарттың № 1, № 2 қосымшасына сәйкес Орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күн жұмыстарды орындау күні болып есептеледі.

3.3. Жұмыстарды орындау күні және Мердігердің Шарт бойынша жұмыстарды тиісінше орындауын растау Тараптар не оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған объектіні пайдалануға қабылдау Актісі болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмасы түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды.

4.1.3. Тәртіптің 61-бабының 10-тармағының талаптарына сәйкес сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес құрылыс кезінде монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) тұтынуға жататын тауарларды сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Қордың тауар өндірушілері Тізілімінде тұрған тауар өндіретін әлеуетті өнім берушілерден (бұдан әрі-тауар өндірушілер) және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу. Тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) коммерциялық ұсыныстарды тендер қорытындылары бойынша Тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен және/немесе тендер қорытындыларын шығару күніне ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте тендердің қорытындылары шығарылғаннан кейін коммерциялық ұсыныстар берілген жағдайда тендер жеңімпазы (мердігер/қосалқы мердігер) осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды, коммерциялық ұсыныс беру кезінде ұсынылатын тауарларды беруге арналған шарттың болуы, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда.

4.1.4. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт шеңберінде орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық үлесінің есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

4.1.5. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардағы кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.6. Білімді және барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмысты адал және сапалы орындау. Мердігер құралдарға, әдістерге, техникаға, жұмыстардың реттілігі мен сапасына, сондай-ақ шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруге жауапкершілік артады және бақылауды жүзеге асырады.


4.1.7. Мердігер сатып-алу веб-порталы арқылы Тапсырыс берушіге жұмыстардың орындалғаны туралы құжат(тарды) жібереді. (электрондық құжат нысанында – жүйеде ұсынылады).

4.1.8. Мердігердің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлері мен шетелдік азаматтар арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу.

4.1.9. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау – беруді растайтын түпкілікті) жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.10. Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер ҚР құрылысының сметалық құнын айқындау жөніндегі Мемлекеттік нормативтерге сәйкес сметалық құжаттаманы (мердігердің шарттық сметасын), атап айтқанда жергілікті, ресурстық, объектілік сметаларды, жиынтық сметалық есепті және САШ бағдарламалық кешенінің бастапқы деректерін (сметаларды автоматтандырылған шығару) ұсынады.

4.1.11. Жұмыс өндірісі басталғанға дейін, Шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жұмыс жүргізу кестесін бекітуге ұсыну және Тапсырыс беруші бекіткен жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес жұмыстардың қатаң орындалуын





қамтамасыз ету (шартқа № 4- қосымша).

4.1.12. ҚМЖ басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Тапсырыс берушіге учаскеге Материалдар мен Жабдыктарды әкелу кестесін ұсыну. Сақтау, төсеу немесе қатарлау үшін Тапсырыс берушімен келісілген учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін.

4.1.13. Қажет болған жағдайда уәкілетті органдар мен ұйымдардан объектідегі жұмыстарды орындауға байланысты қажетті рұқсат етулерді, рұқсаттарды, келісулер ұсыну жөніндегі барлық қызметтерді алу және өз есебінен өз бетінше төлеу.

4.1.14. Жылумен, электр энергиясымен, сумен жабдықтаумен, кәрізбен, байланыспен және өзге де коммуникациялармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды орындау уақытында қызмет көрсетушілермен уақытша шарттарды өз бетімен жасасып алу.

4.1.15. Мердігер қызметкерлерінің өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыстарға белгіленген рұқсаттары болуға тиіс.

4.1.16. Жұмыс жүргізуді бастамас бұрын мердігердің басшы құрамына Тапсырыс берушіден кіріспе нұсқамадан өту, ықтимал өндірістік тәуекелдермен, "QazaqGaz Aımaq" АҚ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Кодексімен, "нөлдік жарақаттануы және қауіпсіз еңбек жағдайлары бар өндірістің 7 алтын ережесімен", экологиялық аспектілермен және басқа да талаптармен танысу қажет. Мердігер Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі алғашқы және қайталама нұсқаулықтарды өз қызметкерлеріне жұмыс орындарында өткізеді.

4.1.17. Орындалған жұмыстар мен пайдаланылатын материалдарды, жабдыктарды, өзге де ресурстарды кез келген атмосфералық құбылыстарға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты залалдың, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету. Мердігер жұмыстарды жүргізу кезінде тапсырысшының жұмыстарды орындау учаскесінде орналасқан мүлкін, жолдарды, ғимараттарды, материалдар қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей) қандай да бір зақымдану түрлерінен немесе басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Осы тармақта баяндалған Шартқа байланысты мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды және Шарттың құнына кіреді.

4.1.18. Учаскеде немесе оған тікелей жақын жерде үшінші тарапқа келтірілген залал үшін материалдық және өзге де жауапкершілікте болу.

4.1.19. Аптаның әр дүйсенбі және бейсенбі жұмыс күндері, Тапсырыс берушімен ұсынған нысан бойынша, Жұмыстарды орындау барысы туралы есептерді ұсыну, туындайтын мәселелердің мәні бойынша Тапсырыс берушіге түсініктеме беру. Жұмыстарды өндіру Кестесінен қалып қойған жағдайда, есептер кешіктіру себептерін, мүмкін болатын салдары мен Жұмыстарды өндіру Кестесінен қалып қоюды жою үшін Мердігер қабылдаған шараларын көрсетуі керек.

4.1.20. Орындалған жұмыстар мен пайдаланылатын материалдарды, жабдыктарды, өзге де ресурстарды кез келген атмосфералық құбылыстарға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты залалдың, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз ету. Мердігер жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау учаскесінде орналасқан мүлкін зақымданудың қандай да бір түрлерінен немесе басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс, оның ішінде (бірақ, бұнымен шектелмейді) жолдар, ғимараттар, материалдар қоймалары және жылжымалы мен жылжымайтын мүліктің өзге де түрлері. Осы тармақта баяндалған Шартқа байланысты Мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды және Шарттың құнына кіреді.

4.1.21. Мердігердің есебінен Тапсырыс беруші өкілінің және тиісті сапасыз жұмыстарды орындауға байланысты инженерлік қызметтер көрсететін тұлғалардың ескертулері мен нұсқамаларын дереу жою.

4.1.22. Қабылдау комиссиясы объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойған сәтке дейін Тапсырыс берушіге барлық техникалық және атқарушылық-техникалық құжаттаманы ресімдеуді және беруді қамтамасыз ету;

4.1.23. Атқарушылық-техникалық құжаттамамен бірге газ құбырының бақылау атқарушылық-топографиялық түсірілімін электронды түрде dwg/dxf форматында, UTM тиісті аймағында WGS-84 координаттар жүйесінде ұсыну.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:


4.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

4.2.2. Мердігерден орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға.

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлем (дерді) жасауға.

4.2.4. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

4.3. Мердігер құқылы:





4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

4.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

4.3.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уактылы қайтаруды талап етуге;

4.3.5. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.3.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыс көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -ден аспайтын бөлігін беруге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Мердігер Шарттың 4.1.10-тармағында көзделген сметалық құжаттаманы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоймауға құқылы

4.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.4.5. Тапсырыс берушінің Өнім берушіден Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.4.6. Мердігердің қызметіне араласпай, орындалған жұмыстардың барысы мен сапасын тексеру, сондай ақ орындалған жұмыстардың сапасын бақылауды жүзеге асыруға үшінші тұлғаларды тарту.

4.4.7. Жұмыс басталғанға дейін мердігердің жұмысты бастауға дайындығына тексеру жүргізу. Тексеруді Тапсырыс беруші Мердігер басшылығының қатысуымен жүргізеді. Тексеру нәтижелері мердігердің кәсіптік қауіпсіздікті, денсаулықты және қоршаған ортаны басқару жүйесінде және шарттың талаптарына көрсетілген барлық талаптарды орындауға дайын екендігін растайды Тапсырыс беруші тексеру жүргізілгеннен кейін жұмыстарды бастауға жазбаша рұқсат береді.

4.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне Тараптар Орындаушының осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағанын растайтын көрсетілген қызметтерді өткізудің түпкілікті актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.


5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың тиісті емес көлемі мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктер, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын ақаулар) анықталған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жібереді. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің хабарламасына 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Мердігермен мойындалған болып есептеледі және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарлама алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге тиісті емес Жұмыс көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Мердігердің орындалған жұмыстарды тапсыруы және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы құрылыстың жауапты қатысушылары қол қойған, 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 "Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларына" № 3-1, № 4-1 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстар мен шығындар және құнының анықтамасы негізінде, екі Тарап қол қойған орындалған жұмыстардың Актісімен ресімделеді.

5.6. Тапсырыс беруші ҚМЖ бойынша жұмыстардың аяқталғаны және объектінің пайдалануға беруге дайындығы туралы мердігердің жазбаша хабарламасын, сондай-ақ қол қойылған сәйкестік туралы Декларацияны, орындалған жұмыстардың сапасы туралы қорытындыны және жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны мердігерден, техникалық және авторлық қадағалаудан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде объектіні пайдалануға қабылдауға кіріседі.





5.7. Объектілерді пайдалануға беру қабылдау комиссиясымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік - құқықтық актілеріне сәйкес Тараптар мен Техникалық және авторлық қадағалау сарапшыларының қатысуымен жүргізіледі.

5.8. "Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 бұйрығына 3-қосымшасы 10-тармағының негізінде, Мердігер Тапсырыс берушіге салынған газ тарату желілерінің нақты жағдайының атқарушы геодезиялық түсірілімін ұсынуы тиіс.

5.9. Мердігер Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес объектіге Атқарушылық-техникалық құжаттаманы уақтылы ресімдеу және оны "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 ҚР Заңына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау күніне Тапсырыс берушіге толық көлемде беру тиіс.

5.10. Жұмыстарды қабылдау барысында ақаулар анықталған жағдайда Тараптар анықталған ақаулар мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып акт жасайды. Ескертулер жойылғаннан кейін Объектіні пайдалануға қайта қабылдау жүргізіледі.

5.11. Мердігер Шарттың 4.1.10-тармағында көзделген сметалық құжаттаманы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоймауға құқылы

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе Жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 36 айда белгіленген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 665-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Ақаулар анықталған кезде Тапсырыс беруші Мердігер өкілінің қатысуымен тиісті акт жасайды. Актіде: - актінің жасалған күні мен орны; - анықталған ақаулар мен оларды туындатқан себептердің егжей - тегжейлі сипаттамасы; - Тапсырыс берушінің ақауларды жою жөніндегі ескертулері мен талаптары; - рекламацияға байланысты маңызы бар өзге де мән-жайлар; - Мердігердің ақауды/ларды жою мерзімі көрсетілуге тиіс. Акт Мердігерге факс немесе тапсырыс хат арқылы жіберілуі мүмкін.

6.6. Егер Мердігер белгіленген мерзім ішінде жұмыстардағы ақауларды жоймаса, онда Тапсырыс беруші Мердігерді жазбаша хабардар еткеннен кейін білікті мамандарды тарта отырып, ақауларды жою үшін шаралар қолдануға құқылы. Осы жөндеуге және ақауларды жоюға байланысты барлық шығыстар Тапсырыс беруші құжатпен куәландырған құжаттар негізінде Мердігердің есебінен жүзеге асырылады.

6.7. Мердігер анықталған кемшіліктер актісін жасаудан немесе оған қол қойудан бас тартқан кезде, оларды растау үшін Тапсырыс беруші кемшіліктерді белгілеу және олардың сипаты бойынша тиісті актіні жасайтын тәуелсіз біліктілік сараптамасын тағайындайды. Тәуелсіз сараптама қызметтеріне ақы төлеуді мердігер жүргізеді.

6.8. Мердігер өзі жеткізген және жұмыста пайдаланған Материалдар мен Жабдықтардың сапасы бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес келетініне кепілдік береді.

6.9. Егер Мердігер объектіні дұрыс пайдаланбау немесе Тапсырыс беруші немесе ол тартқан үшінші тұлғалар жүргізген объектіні тиісінше жөндемеу, сондай-ақ Тапсырыс берушінің объектіні тиісінше күзетпеуі салдарынан туындағанын дәлелдемесе, Мердігер кепілдік мерзімі ішінде объектіні пайдалану кезінде табылған кез келген кемшіліктер үшін жауапты болады.

6.10. Осы Шартта аталған кепілдік мерзімі ішінде өз күшімен және өз есебінен Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде объектіде объектінің қалыпты пайдаланылуын жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жабдықтар мен материалдардың кез келген бөлігін жөндеуді немесе ауыстыруды, сондай-ақ жұмыстарды тиісінше орындамау және мердігер жеткізген сапасыз материалдар мен жабдықтарды пайдалану нәтижесінде туындаған барлық ақауларды жоюды қамтамасыз етеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.





7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ уақтылы орындалмаған Жұмыстардың шарттың жалпы сомасы 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Сметалық, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға сәйкес монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен сатып алу туралы Тәртібінің 61 бабы 10 тармағының нормасын орындамаған жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 20% - ы мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, ол Мердігердің өзімен төленуге қажет немесе орындалған жұмыстардың қабылдау-тапсыруын растайтын тиісті (соңғы) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. Осы тармақпен қарастырылған Мердігермен міндеттемелерін орындаудың растауымен орындалған жұмыстардың қабылдау-тапсыруын растайтын тиісті (соңғы) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен сатып алынатын тауарларды өндірушіден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың), тауарларды қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмелерін ұсынуы болып саналады.

7.2.3. Мердігер анықталған кемшіліктерді Шарттың талаптарына сәйкес жою мерзімдерін бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0.1%-ына баламалы соманы, мерзімін өткізіп алудың әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ шарттың жалпы сомасы 20] %-ынан аспайтын соманы төлейді.

7.2.4. Жұмыстардағы елішілік құндылықты үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.5. Мердігердің және оның бірлесіпқосалқы мердігерлер Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы кемсітушілік жағдайларына жол бергені үшін Мердігердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2.6. Мердігер Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды бұзуға жол берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге шарт сомасының 5% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Мердігер Тапсырыс берушінің алдында мердігермен жасалған шарт негізінде шарт шеңберінде жұмыстардың бөліктерін орындайтын өз қызметкерлерінің, қосалқы мердігердің/лердің, қосалқы мердігердің/лердің, қосалқы мердігердің / лердің жұмыскерлері мен сенім білдірілген адамдарының іс-әрекеттері мен олқылықтары үшін жауапты болады.

7.2.8. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, үшінші тұлғаларға және өз қызметкерлерінің денсаулығына залал келтіргені немесе залал келтіргені үшін, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза тапқаны (жұмыс жүргізу процесінде қайтыс болғаны) және шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын кез келген өзге де тәуекел үшін жауапты болады.

7.2.9. Сметалық құжаттама уақтылы ұсынылмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ шарт сомасының 20% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.10. Жұмыстарды орындау кестесі уақтылы ұсынылмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% - ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.11. Шарттың 4.1.19 -тармағында көрсетілген ақпаратты беру мерзімдері бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 20% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.



7.2.12. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 20% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Мердігер Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Мердігер тапсырыс шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде Шарттың 4.1.2. тармағында, онда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен шартты орындаудан бас тарту туралы сатып алулар, ұстап қалады әлеуетті өнім берушімен енгізілген өтінімді қамтамасыз ету.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдерді кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.





7.5.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.5.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Орындалған жұмыстар актісі жалпы сомасының 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасы 20%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5.5. Тапсырыс беруші құжаттарды тапсыру мерзімін өткізіп алған жағдайда (егер шартқа сәйкес Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттарды тапсыруды міндетті болса) Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудың нәтижесінде орын алған залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты жібереді.

7.7. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

7.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

7.9. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлды, өсімпұлды) жалпы сомасы Тараптардың әрқайсысы үшін шарт сомасының 20% - ынан аспауға.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайды қоспағанда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға (мердігерге/өнім берушіге) шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шартты бұзу кезінде Мердігер шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзу күніне акы талап етуге құқылы.

8.5. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Мердігердің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық





өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шарт бұзылған жағдайда мердігер жұмысты дереу тоқтатуға, Объектіні консервациялауды және оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз етуге тиіс.

8.8. Объектідегі Барлық материалдар мен жабдықтар, орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты ақшалай міндеттемелерді реттегенге дейін оның иелігінде болады.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, мақұлдаулар, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен берілуі тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен қол қойылған сәттен күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмес күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Келіссөздер арқылы шешілуі мүмкін емес даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін Қостанай облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа беруге жатады.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды,





сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. «QazaqGaz Aimaq» АҚ (әрі қарай – Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясатының (әрі қарай – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы келісім-шарттың екінші тарапын (әрі қарай – контрагент) хабардар етеді. Келісім-шартқа қол қоюымен Контрагент Қоғамның ресми веб-сайтында орналасқан Саясатпен танысқандығын растайды.

13.9. Контрагент Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді, сонымен қатар Келісім-шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға және осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауға міндетті.

13.10. Контрагент мемлекетпен байланыстағы тұлға емес екендігін және оның лауазымды адамдары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелерімен болып табылатын "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына жататын адамдары жоқ екендігін растайды. Контрагент "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына жататын қандай да бір тұлға контрагенттің лауазымды адамы немесе қызметкері болған, немесе контрагент ұйымында қатысудың тікелей немесе жанама үлесін сатып алған барлық жағдайлар туралы Қоғамды жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндеттенеді.

13.11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе мүмкін бұзылған жағдайда Контрагент Қоғамға адал көмектесуге және жәрдемдесуге міндеттенеді.

13.12. Талаптар бұзылған жағдайлар орын алғаны туралы хабардар ету үшін Контрагент "Ыстық желіні" қолдануы міндетті, ол туралы ақпарат Қоғамның ресми веб-сайтында орналасқан.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

14.1. Тараптар олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты шаруашылық қызметке байланысты формальдылықтарды оңайлату, қандай да бір мәселелерді неғұрлым тез шешуді қамтамасыз ету болып табылатын жәрдем/төлемдер үшін төлемдер жасауды көздейтін паракорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.

14.2. Тараптар өздерінің, сондай – ақ олардың қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын (бұдан әрі-"сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама") бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-әрекеттер жасамағанын, жасауға шақырмағанын, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемегенін, төлеуді ұсынбағанын және немесе басқа заңсыз мақсаттарға қол жеткізбегендерін растайды.

14.3. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тараптар, сондай-ақ олардың қызметкерлері Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

14.5. Тарапта шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті тарап екінші тарапты жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.





15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16. Басқа шарттар

16.1. Шарт бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды. Тараптар айырбастайтын шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

16.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

16.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

16.4. Мердігер Тапсырыс берушіге бастапқы құжаттарды және электрондық шот-фактураны мынадай деректемелер бойынша жазып береді: алушы - "QAZAQGAZ AIMAQ" Акционерлік қоғамы, БСН 020440001144, мекенжайы: Астана қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12 ғимарат, ЖСК KZ136010161000043312 "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-да, БСК HSBKKZKX. Жүк алушы - "QAZAQGAZ AIMAQ" АҚ Жамбыл өндірістік филиалы, БСН 070241004881, Тараз қ., Қ. Қойгелді к., 177.

17. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамы
Астана қ., Әлихан Бөкейхан, 12
БСН 020440001144
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ276010131000045535
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (717) 255-8960

БИН _____
БИК _____
ИИК _____

Тел.: _____








Шарттың №1
қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
410 Р	Газбен жабдықтау / газ тарату желілерінің / жүйелерінің / объектілерінің / станциялардың құрылысы (салу) бойынша жұмыстар, Газбен жабдықтау / газ тарату желілерінің / жүйелерінің / объектілерінің / станциялардың құрылысы (салу) бойынша жұмыстар	"Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродеково ауылында жоғары қысымды жерасты полиэтилен газ құбырын салу" жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары	1.000	1.000	-		94 936 445	ҚАЗАҚСТАН, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 150 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 80%, Соңғы төлем - 20%





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.







Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{кесте } 1) + \sum 8(\text{кесте } 2)/6 * 100\%$)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке работ № _____

г. _____

«__» _____ 2024 г.

